

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Инженерия факультеті

Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің

№ 5 хаттама

Кентау қаласы

10.01.2025 ж.

Қатысқандар: факультет деканы Нажи Генч, факультеттің Оқу-әдістемелік комитет төрағасы, доцент Г.Ж.Ниязова, Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Ж.С.Калимбетова, кафедра меңгерушілері: техн.ғ.к., доцент З.Қ.Абдикулова, техн.ғ.к., доцент Г.Н.Қазбекова, кафедралардың оқу-әдістемелік жұмыстарына жауапты оқытушылар: О.Д.Меирбекова, Ә.Т.Баялы және ОПК.

Күн тәртібінде

1. Кафедралардағы оқу-әдістемелік жұмыстарының жарты жылдық есебін талқылау, бекітуге ұсыну.
2. ББ 2023-2024 о.ж. еліміздегі білім беру бағдарламаларының рейтингісіне қатысу нәтижелерін талдап, ағымдағы оқу жылында қол жеткізетін нәтижесін жоспарлау.
3. Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау, аралық аттестаттау нәтижелеріне байланысты оқыту сапасын, білім алушылардың оқу жетістіктерін, оқыту нәтижелерін талдау.
4. Әр түрлі мәселелер.

Бірінші мәселе бойынша аға оқытушы О.Д.Мейірбекова: Электр инженериясы кафедрасы оқу-әдістемелік жұмыстарының жарты жылдық есебі кафедра деңгейінде талқыланды. Семинарлар, ашық сабақтар мен өзара сабаққа ену жоспар бойынша толығымен орындалды. Хаттамалары толтырылды. Ашық сабақ нәтижесі бойынша озық тәжірибе тарату мақсатында А.С. Касымбековтің «SCADA жүйесіне негізделген энергетикалық объектілерді басқару және оның ерекшеліктері» атты семинары ұсынылды. Өзара сабаққа ену жоспары бойынша кафедрадағы ОПК бір-бірімен тәжірибе алмасып, жас оқытушыларға ұсыныстар, пікірлер айтылып, қолдаулар көрсетілді. 2024-2025 оқу жылында баспадан шығаруға жоспарланған оқу құралының саны 8, 1-семестрге жоспарланғаны 1 оқулық, орындайтын авторлары: Рустамов Н.Т., Бабахан Ш.А. 1-семестрде аудиториялық оқу түрі көп болғандықтан наурыз айына шығаруды жоспарлауда.

Келесі сөз кезегін алған А.Баялы жоспарланған оқу-әдістемелік жұмыстардың орындалуы туралы: «Компьютерлік инженерия» кафедрасында жоспарланған ашық сабақтар мен әдістемелік семинарлар өз мерзімінде өтілді, аталған іс-шаралардың өтілуі бойынша хаттамалар мен есептер жасалып, бекітілді. Сонымен қатар, ПОҚ өзара сабаққа қатысуы жоспары да толығымен орындалды. Кафедра оқытушылары инклюзивті білім беру, білім беру мен зерттеулерде жасанды интеллект қолдану бойынша біліктілік арттыру курстарынан университетіміздің біліктілік арттыру орталығы жоспарына сәйкес өтуде. ПОҚ 2024-2025 оқу жылына жоспарлаған оқу құралдарын өз мерзімінде баспадан шығару үшін факультет Оқу әдістемелік комитет тарапына талқылауға ұсынудың кешігуі проблемасын ескеруді ұсынды.

Сөз кезегін алған Г.Ниязова: Жалпы факультет кафедраларындағы Оқу-әдістемелік жұмыстардың орындалуы қанағаттанарлық деп есепті бекітуге ұсынатындығын айтты. Мәжіліс мүшелері бірауыздан қолдап, дауыс берді.

Шешім 1.1: Факультет кафедраларының оқу-әдістемелік жұмыстарының 2024-2025 оқу жылының I-жарты жылдығы бойынша есебі бекітілсін.

Екінші мәселе факультет білім беру бағдарламаларының 2023-2024 о.ж. еліміздегі білім беру бағдарламаларының рейтингісіне қатысу нәтижелері туралы сөз алған факультет Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Ж.Калимбетова «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер

палатасы жүргізген жоғары білім беру ұйымдары білім беру бағдарламаларының рейтинг қорытындысы
(https://atameken.kz/ru/university_ratings?year=2025&ut=Международный+казахско-турецкий+университет+имени+Х.А.Ясави&epg=&speciality=73®ion=&sort=epg_asc&profile=) туралы келесі ақпаратты ұсынды:

Білім беру бағдарламалары рейтингінде назарға алынатын негізгі критерийлер:

- білім беру бағдарламасының сапа көрсеткіштері.
- білім беру бағдарламасының жетістіктері.
- ЖЖОКБҰ-ның жалпы көрсеткіштері (салмағы 11%).
- түлектердің мансаптық болашағы (49%).
- жұмысқа орналасу деңгейі (%).
- жұмыс іздеу ұзақтығы (айлармен).

Факультет білім беру бағдарламалары бойынша рейтинг көрсеткіштері:

2024 жыл:

6B06151 Ақпараттық жүйелер-42/58

6B06182 Компьютерлік инженерия - 19/55

6B07153 Электр энергетикасы-17/34

6B07154 Автоматтандыру және басқару-25/27

2025 жыл:

6B07154 Автоматтандыру және басқару БББ -22/27;

6B07153 Электр энергетикасы БББ-30/35;

6B06151 Ақпараттық жүйелер БББ -31/55

Ұсынылған ақпарат пен ағымдағы оқу жылында БББ рейтингінде қол жеткізетін нәтижесін жоспарлау бойынша сөз алған «Компьютерлік инженерия» кафедрасы меңгерушісі техн.ғ.к., қауымдастырылған профессор Г.Н.Қазбекова рейтинг бойынша кафедра білім беру бағдарламалары көрсеткіштерінің төмендеу тенденциясы байқалғандығын атап өтті. Сонымен қатар, кафедрада білім беру бағдарламаларының рейтингіне қатысу және оның маңызды индикаторлары бойынша жүйелі жұмыс жүргізіліп жатқандығын баяндады. Білім беру бағдарламалары рейтингінде алдағы жылы алғашқы ондыққа ену бойынша жұмыстар жүргізетіндігін мәлімдеді.

Келесі сөз кезегін алған «Электр инженериясы» кафедрасы меңгерушісі техн.ғ.к., доцент м.а. З.Қ.Абдикулова: Кафедра білім беру бағдарламаларының рейтинг көрсеткішін анықтайтын критерийлер бойынша талдаулар жасалып, нәтижелер талқыланды. 6B07154 – Автоматтандыру және басқару білім беру бағдарламасы бойынша рейтингте өсім болғанымен, 6B07153 – Электр энергетикасы бойынша төмен көрсеткіштер көрсетті. Дегенмен, кафедра ұжымы рейтинг критерийлері бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізу арқылы келесі 2024-2025 оқу жылында қол жеткізетін нәтижесін межелі көрсеткіштерге жеткізу үшін жоспарлауда: 6B07153 – Электр энергетикасы - 20/35, 6B07154 – Автоматтандыру және басқару – 17/27.

Шешім 2.1: «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы рейтингі бойынша факультет білім беру бағдарламаларының рейтинг көрсеткіштерін жақсарту жұмыстары жүйелі іске асырылсын. (Жауапты: кафедра меңгерушілері)

Үшінші мәселе білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау, аралық аттестаттау нәтижелеріне байланысты оқыту сапасын, білім алушылардың оқу жетістіктерін, оқыту нәтижелерін талдау бойынша сөз алған Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Ж.Калимбетова:

«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы, «УЕ-ХҚТУ-027-2022-Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі» талаптарына сәйкес емтихан кестелері дайындалып ayu.edu.kz платформасына және сайтта жарияланды. Тест, жазбаша, жоба қорғау емтихандарын

қабылдау регламенттері жасалды, білім алушылардың назарына жеткізілді. 25.06.2024 ж. күнгі №11 Сенат мәжілісінде талқыланып бекітілген 2024-2025 оқу жылына арналған академиялық күнтізбе бойынша 1-4 курс студенттері үшін Аралық аттестаттаудан 17.12.2024-04.01.2025ж. аралығында өтті. Қорытынды бақылаудан (емтихан) «ГХ» бағасын алған білім алушылар 06-11.01.2025ж. аралығында емтихандарын қайта тапсырды.

Бакалавриат бойынша білім алушылар жалпы саны-407, сессияға қатысқан білім алушылар саны-367. Магистратура бойынша білім алушылар жалпы саны-8, сессияға қатысқан білім алушылар саны-6. Докторантура бойынша білім алушылар жалпы саны-3, сессияға қатысқан білім алушылар саны-3. Факультет кафедраларына қарасты БББ (білім беру бағдарламасы) бойынша 1-4 курс білім алушылары емтихандарды Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар пәнін тест формасында, қалған пәндерден емтиханды жазбаша, жоба қорғау түрлері бойынша тапсырды.

Келесі сөз кезегін алған «Электр инженериясы» кафедрасы меңгерушісі З.Абдикулова, «Компьютерлік инженерия» кафедрасы меңгерушісі Г.Казбекова білім беру бағдарламалары бойынша емтихан нәтижелері туралы толық ақпарат ұсынды. Сонымен қатар, өз кафедраларында емтихандардың басым көпшілігі жоба қорғау түрі бойынша қабылданып, білім алушылар берілген тақырыпты алдын ала толықтай меңгеріп, есептеулер жүргізіп, жасаған жобаларын <https://strikeplagiarism.com/> антиплагиаттан өткізіп, жоба қорғау барысында жоғары нәтиже көрсеткендігін атап өтті. Емтихан бағаларының нәтижелерін талдау барысында ПОҚ тарапына көктемгі семестрде пән бойынша емтихан түрлері формасын анықтау бойынша ұсыныстар әзірлеп, жоба формасында қабылданатын емтихандарды бағалау критерийлерін өзгертулер енгізуге тапсырмалар берілгендігін айтты.

Шешім 1.1


1. 2024-2025 оқу жылының ағымдық бақылау, қысқы аралық аттестаттау нәтижелері назарға алынсын.

**Факультеттің Оқу-әдістемелік
комитет төрағасы**



Г.Ж.Ниязова

Хатшы



О.М.Меирбекова